

**“Екібастұз қаласы
әкімдігінің білім бөлімінің
№17 жалпы орта білім
беретін мектеп” КММ**

7“А” сынып оқушысы

***Аяпбергенова
Мадина***



*Ғылыми зерттеу жұмысының
тақырыбы:*

**ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ КӨРІНІСІ**



Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері

- Бүгінгі таңдағы лингвомәдениеттану ғылымының қазіргі тіл біліміндегі ғылыми сипатын, орнын анықтау, теориялық негіздерін сипаттау;
- “Мәдениеттер сұхбаты” мәселесіне тоқталу және мәдениеттер сұхбаты аясындағы «қой», «мысық» концептілеріне салыстырмалы-салғастырмалы сараптама жасау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижелері

Зерттеудің нәтижесінде мынадай мәселелер ғылыми жаңалық ретінде шешімін тапты:

- Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттанудың қалыптасуына шолу жасалынып, жүйеленді;
- Лингвомәдениеттанудағы «мәдениеттер сұхбаты» – көпұлтты егеменді еліміздегі халықтардың тілді үйрене отырып, оның мәдениетіне терең бойлаудың, халықаралық, ұлтаралық даудамайларды тежеу мен ынтымақтастықты қамтамасыз етудің пәрменді құралы.

I. Лингвомәдениеттану ғылымының теориялық негізі

Әр халық тілінде өзі жасаған және табиғат дарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар деуге болады. Бұл – тіл мен мәдениеттің тоғысуы жалпы көздеген лингвомәдениеттану пәнінің негізі болмақ.

Лингвомәдениеттану (лингвокультурология) латынның *lingua-тіл*, *cultyra-мәдениет*, *logos-ілім* деген ұғымдарынан жасалып, лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің ортақ мүдделерінен бастау алатын халық мәдениетінің тілдегі көрінісін, ерекшелігін жаңаша көзқараспен қарастыратын бағыт.

**ТІЛ
БІЛІМІ
ЛИНГВОМӘДЕНИЕТ
ТАНУ**

пәндер негізінде пайда болды

мәдениеттану

ЭТНОЛИНГВИСТИК

лингвоелтану

а

Зерттеу нысаны

тіл мен
мәдениеттің
байланысы мен
өзара ықпалы

Ғаламның тілдік суреті

материалдық мәдениеттен

рухани мәдениеттен

ЭТНОС

Жеке ғылым саласы ретінде 20-шы ғасырдың 90-шы жылдары қалыптасып дами бастады. Орыс тіл білімі

«Ұлттық тіл өзінің даму сатысында мәдениет тілін қалыптастырады».
Ю.С.Степанов

«Тіл мен мәдениеттің ара қатынасын синхрондық тұрғыдан зерттеу және сипаттау лингвомәдениеттану пәнінің негізі міндеті болып отыр».
В.Н.Телия

«Лингвокультурология – это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии, и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке».

В.А.Маслова

Қазақ тіл білімі



«Тіл арқылы мәдениеттанудың бір-бірімен өзара тығыз байланысты жаңа ғылыми бағыттары қалыптасып келеді. Олар: 1) этнолингвистика; 2) елтану; 3) лингвомәдениеттану деп аталған саланың бағыт-бағдарын саралайды.

... тіл – ұлт – мәдениет дейтін үштік (триада) лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ ».

Г.Смағұлова

«Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпы адами гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады».

А.Салқынбай






«...Мәдениет пен өркениеттің жұмбақтарын зерттеу-лингвомәдениеттанудың ең маңызды мақсаттарының бірі...».

Ж.Манкеева

2. Лингвомәдениеттанудағы "мәдениеттер сұхбаты" мәселесі

- Соңғы кездерде тіл білімі саласында "мәдениеттер сұхбаты" мәселесіне назар аударылып, біршама зерттеулердің нысанына айналды. Бұған дейін "мәдениеттер сұхбаты" ұғымы мәдениеттану ғылымының аясында қарастырылып келді. Ал, тіл мен мәдениеттің тоғысуы тұсында пайда болған лингвомәдениеттану саласында бұл сұрақты қарастыру осы күннің өзекті мәселесі деп топшылаймыз. Лингвомәдениеттану ұлттық тіл деректерінің бойынан мәдени нышанды тауып, қарастырып, оның ұлт мәдениетіндегі өзіндік ерекшелігін танытуға көбірек бағыт бұрады.



"Әрбір мәдениет басқа мәдениет тәжірибесін өзіне пара-пар, лайықты деп қана қарастырмай, өзіндік болмысты кеңейту, ұлғайту мүмкіншілігі деп те қарастырғаны жөн. Мәдениеттер сұхбаты мәдениеттерді байытады, өйткені "Басқа" – менің шегім емес, менің басқа мүмкіншілігім. Мұндай қағида қандай да болмсын мәдени-әлеуметтік өзімшілдікке жол бермейді. Олай болатын болса, бүгінгі таңда өркениетаралық, халықаралық, ұлтаралық және т.б. шиеленістерді тежеудің бірден-бір пәрменді құралы – мәдениеттер құралы болып отыр"

Т.Х.Фабитов



“Қой” концептісіне салыстырмалы- салғастырмалы талдау





Қазақтар үшін *қойға* қатысты тұрақты тіркестер жағымды мағынада жұмсалады: *қой көзді, қой аузынан шөп алмас, тойған қозыдай, қой ішіндегі марқа, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман* т.б.



Упрямый, как баран

● ● ● | “Мысық” концептісі

“Мысық” концептісі



ПЕСНИ ДЛЯ МАЛЫШЕЙ

Русские колыбельные



*У кота ли, у кота
Колыбелька золота,
У дитяти моего
Есть покраще его
(халық ауыз
әдебиетінен).*

БАЛЛА

НАСТАВСТВО

- ▣ *"Кошка чешется (умывается) – гостей зазывает (намывает)"*
- ▣ *"Кошка на человеке тянется – к обнове"*
- ▣ *"Кота убить – семь лет ни в чем удачи не видеть"*
- ▣ *"Кто кошек любит – будет жену любить"*
- ▣ *"Кошка моется, лижет лапу – к хорошей погоде"*
- ▣ *"Кошка лижет хвост, прячет голову – к ненастью".*





орыс мифологиясында мысыққа қатысты
мынадай наным-сенімдер бар:
*қара мысық жолыңды кессе – басқа жолмен
жүр,
үш түсті мысық жамандықтан сақтайды,
мыстандар таза ақ немесе қара
мысыққа айнала алады, т.б.*



Ағылшындар мен шотландықтар да мысықтың түр-түсіне ерекше мән берген.


Қара мысық мистикалық әлеммен байланысты және мұндай мысықты кездестіру сәтсіздік әкеледі.

Бірақ **Солтүстік Англияда** үйдегі қара мысық үлкен бақыт әкеледі деп сенеді.

Шотландықтар мысық жаңа туған нәрестенің қасында ұйықтамауы керек, себебі ол оның қанын сорып, жанын алады деп ойлаған.

Ал **араб елдерінде** мысық ерекше ықыласқа ие, ақ мысықтар киелі саналады. Шапанының етегінде ұйықтап қалған мысықтың ұйқысын бұзбау үшін Мұхаммед пайғамбар етегін кесіп тастап кеткен екен.

Қазақ халқында



- Мысыққа деген жағымды болсын, жағымсыз болсын ілтипат қазақ мәдениетінде аса байқалмайды. Ол қазақ халқының көшпелі тұрмыс-салтымен байланысты болса керек. Дегенмен, бірен-саран кездесіп отырады. Мысалы:
- *ит пен мысықтай – араз адамдар туралы; мысық боп тыңдады – қорқып, бұзғып, үрейленіп тыңдады; мысық көмбесі жоқ – бүгері, бұқпантайы жоқ, ақ көңіл деген мағынада; мысық көмбе қылық – көңірсітіп, бықсытып жүрер, пыш-пыш әңгімесі бар, сасық қулығы бар адам туралы айтылады; мысық тілеу – арамдық, жамандық ойлау мағынасында*




Қорытынды

"Мәдениеттер сұхбаты" мәселесін тек қана мәдениеттану аясында ғана емес, сондай-ақ лингвомәдениеттану шеңберінде де қарастырудың маңыздылығын айқындауға ұмтылыс жасадық.

- Мәдениеттер сұхбаты аясында “мысық”, “қой” концептілеріне салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу жасау арқылы, бұл мәселені тереңірек ашуға тырыстық.
- Нәтижесінде бір жануардың өзі бір-біріне жақын мәдениет өкілдері тарапынан түрліше бағаланатынын байқадық.
- Дегенмен, халықтардың бір-бірімен мәдениетаралық сұхбатқа түсу нәтижесінде, біз осы елдердің наным-сенімдерімен санасып жататынымыз рас.





- Сонымен, лингвомәдениеттану ұлттық тіл деректерінің бойынан мәдени нышанды тауып, қарастырып, оның ұлт мәдениетіндегі өзіндік ерекшелігін танытуға көбірек бағыт бұрады. Бұл бағытта тілді ұлт мәдениетінің, тілінің, мәдениетаралық коммуникация, тілдік және мәдени байланыс мәселесін көрсету тәсілі ретінде зерттеулер жүргізілуде.
- Әлемдік білім, ғылымға бет алған егеменді Қазақстан жағдайында мұндай зерттеулерді жүргізу өзекті болып табылады!



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!

